**Хабарландыру**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополиялары реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің 2024 жылғы 30 желтоқсан айындағы №115-НҚ бұйрығы бойынша суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне өтімдік тариф 2025 жылдың 1 ақпанынан бастап ***ҚҚС-сыз 1 м3 үшін 550,43 теңге*** мөлшерінде бекітілгені туралы хабарлайды.

**«Сырым» МКК мекемесі**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ**

№ 115-НҚ

Орал қаласы

**ПРИКАЗ**

30.12.2024ж

город Уральск

**«Сырым» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (жаңа реттелетін қызметтеріне) суды магистралдық және таратушы желілер арқылы беру қызметіне тарифін және тарифтік сметасын бекіту туралы**

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2) тармақшасына, 8 бабы 10) тармақшасына, 20 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90-НҚ бұйрығымен бекітілген «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының» 313,318,319,320 тармақтарына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2019 жылғы 15 тамыздағы №1-НҚ бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы» Ережесіне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Сырым» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды магистралдық және таратушы желілер арқылы беру қызметіне тарифі 2025 жылдың 1 ақпанынан қолданысқа енгізіліп, 2026 жылдың 31 қаңтарына дейін 1 текше метр үшін 550,43 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз) бекітілсін.

2. «Сырым» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды магистралдық және таратушы желілер арқылы беру қызметіне тарифтік сметасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің 2021 жылдың 21 желтоқсанындағы №159-НҚ «Сырым» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тариф және тарифтік сметаны бекіту туралы» және 2024 жылдың 2 тамызындағы №62-НҚ «Сырым» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына уақытша өтемдік тарифін бекіту туралы» бұйрықтарының күші жойылсын.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің заңнаманың сақталуын бақылау, талап-арыз және

0000992

ұйымдастырушылық жұмысы бөлімі осы бұйрықты «Сырым» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының назарына жеткізсін.

5. «Сырым» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тарифтің бекітілгені туралы ақпаратты тариф күшіне енгізілгенге дейін кемінде күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізсін.

6. «Сырым» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны суды магистралдық және таратушы желілер арқылы беру қызметіне тарифін қайта қарауға арналған өтінімді он екі айдан кешіктірмей ұсынсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары С. Жаманкуловқа жүктелсін.

8. Осы бұйрық 2025 жылдың 1 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1 және 2 тармағын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Басшы** **Қазбекова Г.Ж.**